@шүйгіншөп тамырының тұндырмасы

~ДТ тамшылату тәсілімен дозалау кезінде дозалау дәлдігі ... аспауы керек.

@5%

@10%

@8%

@1%

@13%

~Автоматты дозаторлар әдетте ... тұрады.

@шығаратын және жапқыш камерадан

@жапқыш және жұмысшы камерадан

@шығаратын және жұмысшы камерадан

@сақиналы және жапқыш камерадан

@сақиналы және аралық камерадан

~Қою және тұтқыр дайын дәрілік түрлерге (жағар майлар және линименттер) орауыш ретінде ... қолданылады.

@шыны құтылар мен флакондар

@пленкадан жасалған контурлы – ұяшықты орамалар

@мөлдір емес пластамасса құтылар

@полиэтиленді пакеттер

@қағаз пакеттер

~Қою және тұтқыр ДДТ (ішке қолдануға арналған суспензиялар мен шырындар) орауышы болып табылады:

@шыны банкалар мен флакондар

@пленкадан жасалған контурлы ұяшықты орауыштар

@нахлобучкалы қақпағы бар кең мойынды мөлдір емес пластмассалы банкалар

@полиэтиленді пакеттер

@қағаз пакеттер

~Сұйық дәрілерге арналған орауыш түрлері

@қызылт немесе түссіз материалдан жасалған бөтелкелер мен флакондар

@алюминийден және полимерден жасалған тубалар

@полихлорвинилді блистерлер

@қаңылтыр банкалар

@пластмассы тубустар

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 19 беті

Тақырыбы: Жағар майларға арналған орауыштардың түрлері. Жағар майларды флакондар мен тубаларға бөлшектеу мен орамдауға арналған машиналар.

Мақсаты: Медициналық жағар майларды, гельдер мен кремдерді орамдау және бөлшектеу бойынша білімдері мен дағдыларын игеру. Тұтқыр дәрілік түрлерді орамдау және бөлшектеуге арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін меңгеру.

Оқытудың мақсаты

білім алушы білуі керек:

- тұтқыр дәрілік түрлердің (жағар майлар және линименттер) жалпы сипаттамасын және жіктелуін;
- медициналық жағар майлар, пасталар, линименттер және косметикалық кремдерге арналған орауыштардың түрлерін және оларды тығындауға арналған құралдарды;
- жағар майлар, пасталар және кремдерді дозалауға арналған тубалардың түрлерін;
- фармацевтикалық өнеркәсіпте жағар майлар мен линименттер үшін біріншілік орауыш ретінде қолдануға рұқсат етілген материалдардың тізімі, олардың жіктелуі және оларға қойылатын талаптар;
- жағар майлар, пасталар және косметикалық кремдерді бөлшектеуге арналған машиналар мен автоматтар. Шнекті өздігінен дозаланатын машина. Поршен типті (плунжерлі) машина, олардың құрылысы және жұмыс істеу принципі.

- туба толтырушы автоматтар, олардың құрылысы және жұмыс істеу принципі.

- шыныдан/полимерден жасалған флакондар мен банкаларға бөлшектеліп салынған, жағар майлар, пасталар мен кремдерге арналған көмекші орауыш бұйымдар;

- жағар майлар, пасталар және косметикалық кремдермен толтырылған тубаларды маркировкалау және флакондарды этикеткалау.

білім алушы істей алуы тиіс:

- жағар майлар, пасталар және косметикалық кремдерге арналған біріншілік орауыштардың конструкциясын және материалын таңдау;
- жағар майлар, пасталар және косметикалық кремдерді орамдау мен бөлшектеуге арналған құрылғыларды дұрыс таңдау;
- жағар майлар, пасталар және косметикалық кремдерге арналған тубиктерді дайындауға арналған материалдарды дұрыс таңдау;
- жағар майлар, пасталар және кремдерді орамдау мен бөлшектеуге арналған машиналар мен автоматтарды дұрыс таңдау;
- жағар майлар, пасталар және косметикалық кремдері бар тубиктерді маркировкалау және флакондарға арналған этикеткаларды дұрыс безендіру;
- этикеткалардағы негізгі ескерту жазулары және оларды қолдану мақсаты.

Тақырыбының негізгі сұрақтары

базалық білімі бойынша:

1. Жалпы технологиялық түсініктер және терминдер.
2. Жағар майлардың құрамы, дисперстік жүйесі, тағайындалуы бойынша жіктелуі.
3. Негіздердің жіктелуі.
4. Жағар майлардың, пасталардың және косметикалық кремдердің сақтау шарттары мен мерзімі.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Жағар майлардың жалпы сипаттамасы және олардың тағайындалуы, негіздің табиғаты, дисперстік жүйесі бойынша жіктелуі.
2. Фармацевтикалық өнеркәсіпте жағар майлар, пасталар және косметикалық кремдер үшін біріншілік орауыш ретінде қолдануға рұқсат етілген материалдардың тізімі, олардың жіктелуі және оларға қойылатын талаптар.
3. Медициналық жағар майлар, пасталар, линименттер және косметикалық кремдерге арналған орауыштардың түрлері және оларды тығындауға арналған құралдар. Шыныдан/полимерден жасалған флакондар мен банкаларға бөлшектеліп салынған, жағар майлар, пасталар мен кремдерге арналған көмекші орауыш бұйымдар.
4. Жағар майлар, пасталар және кремдерді дозалауға арналған тубалардың түрлері.

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 20 беті

5. Жағар майлар, пасталар және косметикалық кремдерді бөлшектеуге арналған машиналар мен автоматтар. Шнекті өздігінен дозаланатын машина. Поршен типті (плунжерлі) машина, олардың құрылысы және жұмыс істеу принципі.
6. Туба толтырушы автоматтар, олардың құрылысы және жұмыс істеу принципі.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Білім алушылар теориялық білімін бекіту мақсатында келесі тапсырмаларды хаттама жазу арқылы орындау керек

ТАПСЫРМА 1. Қарапайым күкірт жағар майын 25 г-дық шыны флакондарға орамдау және бөлшектеу процесстерін жүргізу керек. Аталған жағар майды бөлшектеу үшін қолданылатын поршен (плунжерлі) типті дозалауға арналған машинаның жұмыс істеу принципін жазыңыз және схемасын сызыңыз. Қандай түсті флакон алу қажет? Күкірт жағар майы бар флакондарды тығындау қалай жүргізіледі? Этикеткасы қалай безендірілуі қажет? Екіншілік орауыш қажет пе? Топтық орауыш дегеніміз не?

ТАПСЫРМА 2. Фармацевтикалық заводта 0,5%-дық гидрокортизон көз жағар майын босатуға дайындауда. Жағар майды 3 г-нан бөлшектеу қажет және орамдау қажет. Туба толтырушы автоматтың жұмыс істеу принципін түсіндіріңіз. Көз жағар майлары үшін қандай орауыш түрін таңдаған тиімді? Біріншілік ашылуын қалай бақылаймыз? Аталған ДТ қандай қосымша орауыш құралдарымен қамтамасыз етілуі қажет? Этикетканы безендіруге қандай талаптар қойылады?

ТАПСЫРМА 3. Лассара пастасын (мырышты-салицил пастасы) 25 г-нан бөлшектеу және орамдау қажет. Аталған пастаны бөлшектеуге арналған өздігінен дозаланатын шнекті машинаның жұмыс істеу принципін жазыңыз және схемасын сызыңыз. Аталған ДТ үшін қандай флакондар қолданылады? Аталған ДТ қандай қосымша орауыш құралдарымен қамтамасыз етілуі қажет? Этикетканы безендіруге қандай талаптар қойылады?

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары: Шағын топтардағы жұмыс. Ситуациялық есептерді шешу. Дискуссия.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу және т.б.): Ауызша сұрау ситуациялық есептерді шешу, хаттаманы тексеру

7.Әдебиет:

1. Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар [Электронный ресурс] : оқу құралы / Б. О. Торланова. - Электрон. текстовые дан. (7, 961 Кб.). - Шымкент : ОҚМА, 2022. - 204 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Жусупова, Галия Евентаевна Методология переработки лекарственного растительного сырья [Текст] : учеб. пособие / Г. Е. Жусупова, Ю. А. Литвиненко, А. И. Жусупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 213 с. <https://elib.kaznu.kz/>
3. Сурашов Н. Т. Көтеру-тасымалдау машиналары [Электронный ресурс]: оқулық/-Электрон текстовые дан. (7.34Мб).-Алматы:[б.и.],2016
4. Дүзелбаев С. Т. Машина тетіктері: Жоғары кәсіптік мамандар даярлайтын техникалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / С. Т. Дүзелбаев. - ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2016. - 408 б. с
5. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.
6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.
7. Гроссман, В. А. Фармацевтическая технология: учеб. пособие для мед. училищ и колледжей М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 320 с
8. Баубеков С.Ж. Электрлік машиналар мен аппараттар: оқулық.-Эверо.2013
9. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов : учебник / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с
10. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.

Бақылау:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 21 беті

Бақылау сұрақтары:

1. Жағар майлардың жалпы сипаттамасын және олардың тағайындалуы, негіздің табиғаты, дисперстік жүйесі бойынша жіктелуін беріңіз.
2. Фармацевтикалық өнеркәсіпте жағар майлар, пасталар және косметикалық кремдер үшін біріншілік орауыш ретінде пайдалануға қандай материалдарға рұқсат етілген? Олардың жіктелуін беріңіз. Оларға қандай талаптар қойылады?
3. Медициналық жағар майлар үшін көбінесе қандай орауыш түрлері қолданылады? Пасталар үшін? Линименттер үшін? Косметикалық кремдер үшін? Қандай көлемдегі? Біріншілік ашылуын қалай бақылайды?
7. Жағар майларға арналған орауыштар үшін қандай тығындау құралдары қолданылады? Шыныдан/полимерден жасалған флакондар мен банкаларға, сонымен қатар тубиктерге бөлшектеліп салынған, жағар майлар, пасталар мен кремдерге арналған көмекші орауыш бұйымдарының жалпы сипаттамасын беріңіз.
4. Жағар майлар, пасталар және косметикалық кремдерді бөлшектеу үшін қандай машиналар мен автоматтар қолданылады?
5. Шнекті өздігінен дозаланатын машинаның және поршен типті (плунжерлі) машинаның құрылысы және жұмыс істеу принципі қандай?
6. Туба толтырушы автоматтың құрылысы және жұмыс істеу принципі қандай?
7. Жағар майлар және пасталар үшін қандай ескерту жазулары қолданылады? Олар қандай түстермен безендіріледі?

Ситуациялық тапсырмалар:

Тапсырма 1. Фармацевтикалық завод 10 г-нан кең мойынды шыны флакондарда **тартып кигізілетін «внахлбучку»** полиэтиленді қақпақтармен тығындалған 1%-дық тетрациклин көз жағар майын шығаруға дайындаған. Аталған жағар майды өндірушілер қандай қателік жіберді? Көз жағар майлары үшін қандай орауыштар түрлерін қолданған тиімді? Біріншілік ашылуын қалай бақылайды?

Тапсырма 2. Фармацевтикалық заводта мойыны дәнекерленбеген 10 г-дық полиэтиленнен жасалған жартылай мөлдір тубиктерде 1%-дық тетрациклин көз жағар майы бөлшектелді. Аталған жағар майды өндірушілер қандай қателік жіберді? Көз жағар майлары үшін қандай орауыштар түрлерін қолданған тиімді? Біріншілік ашылуын қалай бақылайды?

Тапсырма 3. Фармацевтикалық заводтың жағар май цехына көлемі 25 г-дық өнімдерге арналған алюминий тубалар әкелінді. Аталған тубиктерде жағар майлардың тұрақтылығы қалай қамтамасыз етіледі (тубиктің ішкі беткейінде қандай қаптама болуы қажет)? Мұндай тубаларды маркировкалау қалай жүргізіледі (сыртқы беткейінде қандай қаптама болуы қажет)? Осы аталған орауыш түрінің біріншілік ашылуын бақылау қалай жүргізіледі?

Тест тапсырмалары:

~Бірдей мақсатпен қолданылатын объектілердің (технологиялық құрал – жабдықтар, орамдау түрлері, тығындау құралдарының түрлері және т.б.) санын рационалды қысқарту ... деп аталады.

@Унификация

@Механизация

@Автоматизация

@Технология

@Роботизация

~Жағар майлар ... шығарылады.

@алюминий тубаларда

@полиэтиленді пакеттерде

@қағаз пакеттерде

@ағаш тараларда

@қақпағы бар желатинді капсулаларда

~Көз жағар майларын тек қана ... бөлшектейді.

@алюминий тубиктерде

@кең мойынды шыны құтыларда

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11 2024-2025 62 беттің 22 беті

@тар мойынды шыны құтыларда
 @полимер тубик – тамшылатқыштарда
 @полиэтиленді пакеттерде
 ~Көз жағар майы бар орауыштарда біріншілік ашылудың бақылауы ... арқылы қамтамасыз етіледі.
 @алюминий тубалардың ұшын дәнекерлеу
 @кең мойынды шыны құтыға иілген герметикалығын қамтамасыз ететін бөлігі бар полимерлі қақпақты бұрамдау
 @кең мойынды шыны құтыға үзілетін бөлігі бар алюминий қақпақты бұрамдау
 @тар мойынды шыны құтыға полимерлі тамшылатқыш – қондырғыны бұрамдау
 @жағар майды полиэтиленді пакеттерге бөлшектеу
 ~Жағармайларды бөлшектеп, орамдауға ... қолданылады.
 @«IWKA» (ФРГ) туба толтыратын автоматы
 @«Servac 200S» (ФРГ) автоматы
 @«Франко-Креспи» (ФРГ) жартылай автоматы
 @АУТ типті автоматы
 @Симхович жартылай автоматы

№ 6 Сабақ

Тақырыбы: Суппозиторийлер. Оларға арналған орауыштардың түрлері. Суппозиторийлерді қалыптау (формалау) және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар.

Максаты: Суппозиторийлерді бөлшектеу және орамдау бойынша білімі мен дағдыларын игеру. Суппозиторийлерді қалыптауға арналған, сонымен қатар оларды бөлшектеу және орамдауға арналған автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін меңгеру.

Оқытудың мақсаты

Білім алушы білуі керек:

- суппозиторийлердің жалпы сипаттамасын және жіктелуін (тағайындалуы бойынша);
- суппозиторийлерге арналған орауыштардың түрлері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін;
- фармацевтикалық өнеркәсіпте суппозиторийлер үшін біріншілік орауыш ретінде қолдануға рұқсат етілген материалдардың тізімі, олардың сипаттамасы, оларға қойылатын талаптар;
- контурлы-ұяшықсыз орауыштарға суппозиторийлерді орамдауға арналған машиналардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін;
- суппозиторийлерді бір уақытта контурлы-ұяшықты орауыштарға қалыптайтын және орамдайтын автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін ;
- бір уақытта суппозиторийлерді қалыптау және орамдау кезінде суппозиторийлік массаны бөлшектеуді іске асыратын механизмнің типін;
- дәрілік түр ретінде суппозиторийлерді безендіру және сақтау.

білім алушы істей алуы тиіс:

- құрамына кіретін дәрілік заттың физика-химиялық қасиетіне байланысты суппозиторийлерге арналған орауыштардың материалын және конструкциясын дұрыс таңдау;
- суппозиторийлерді дайындау әдісіне байланысты орамдау тәсілін дұрыс таңдау;

Тақырыбының негізгі сұрақтары

базалық білімі бойынша:

1. Суппозиторийлер дәрілік түр ретінде анықтамасы, тағайындалуы бойынша жіктелуі, артықшылықтары мен кемшіліктері, оларды дайындау тәсілдері.
2. Фармацевтикалық өндірісте біріншілік орауыш ретінде қолдануға рұқсат етілген материалдар тізімі, олардың сипаттамасы.
3. Суппозиторийлерді сақтау шарттары.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Суппозиторийлердің жалпы сипаттамасы.
2. Суппозиторийлерге арналған орауыштардың түрлері, олардың артықшылықтар мен кемшіліктері.

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 23 беті

3. Фармацевтикалық өндірісте суппозиторийлер үшін біріншілік орауыш ретінде қолдануға рұқсат етілген материалдар тізімі, олардың сипаттамасы оларға қойылатын талаптар.
4. Контурлы-ұяшықсыз орауыштарға суппозиторийлерді орамдауға арналған машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері.
5. Суппозиторийлерді контурлы-ұяшықты орауыштарға бір уақытта қалыптайтын және орамдайтын «Servac 200S» автоматының құрылысы және жұмыс істеу принципі;
6. Суппозиторийлерді дәрілік түр ретінде безендіру және сақтау шарттары.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Білім алушылар теориялық білімін бекіту мақсатында келесі тапсырмаларды хаттама жазу арқылы орындау керек

ТАПСЫРМА 1. Құрамында новокаин және итжидек экстрактысы бар ректальды суппозиторийлерді фармацевтикалық өндірісте құю әдісімен алады. Суппозиторийлерді қалыптауға арналған, олардың бір уақытта бөлшектелуі мен орамдалуын қамтамасыз ететін автоматтың жұмыс істеу принципін түсіндіріңіз және схемасын сызыңыз.

Біріншілік ашылуын бақылау қалай қамтамасыз етіледі? Аталған орауыш екіншілік орауышты қажет етеді ме?

ТАПСЫРМА 2. «Флуомизин» вагинальды суппозиторийлерін фармацевтикалық өндірісте түйіршіктелген майлы негізде престеу әдісімен алады. Суппозиторийлерді қалыптауға арналған, олардың бір уақытта бөлшектелуі мен орамдалуын қамтамасыз ететін автоматтың жұмыс істеу принципін түсіндіріңіз және схемасын сызыңыз. Қандай автоматта орамдау жүргізген тиімді? Аталған суппозиторийлер үшін орауыш қандай материалдан жасалуы қажет?

Аталған орауыш екіншілік орауышты қажет етеді ме?

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары: Шағын топтардағы жұмыс. Ситуациялық есептерді шешу. Дискуссия.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу және т.б.): Ауызша сұрау ситуациялық есептерді шешу, хаттаманы тексеру

7.Әдебиет:

1. Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар [Электронный ресурс] : оқу құралы / Б. О. Торланова. - Электрон. текстовые дан. (7, 961 Кб.). - Шымкент : ОҚМА, 2022. - 204 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Жусупова, Галия Евентаевна Методология переработки лекарственного растительного сырья [Текст] : учеб. пособие / Г. Е. Жусупова, Ю. А. Литвиненко, А. И. Жусупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 213 с. <https://elib.kaznu.kz/>
3. Сурашов Н. Т. Көтеру-тасымалдау машиналары [Электронный ресурс]: оқулық/-Электрон текстовые дан. (7.34Мб).-Алматы:[б.и.],2016
4. Дүзелбаев С. Т. Машина тетіктері: Жоғары кәсіптік мамандар даярлайтын техникалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / С. Т. Дүзелбаев. - ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2016. - 408 б. с
5. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.
6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.
7. Гроссман, В. А. Фармацевтическая технология: учеб. пособие для мед. училищ и колледжей М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 320 с
8. Баубеков С.Ж. Электрлік машиналар мен аппараттар: оқулық.-Эверо.2013
9. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов : учебник / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с
10. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.

Бақылау:

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11 2024-2025 62 беттің 24 беті

Бақылау сұрақтары:

1. Суппозиторийлерге дәрілік түр ретінде анықтама беріңіз. Олар тағайындалуы бойынша, дайындау тәсілі бойынша, суппозиторийлік негіздің типі бойынша қалай жіктеледі?
2. Суппозиторийлерге арналған қандай орауыштар конструкциясы қолданылады? Оларға қысқаша сипаттама беріңіз. Олардың артықшылығы мен кемшілігі неде?
3. Суппозиторийлерге арналған орауыштарды жасауға рұқсат етілген материалдардың тізімін көрсетіңіз.
4. Суппозиторийлерді контурлы-ұяшықсыз орауыштарға орамдауға арналған машинаның жұмыс істеу принципі мен құрылысы қандай? Бұл кезде қандай материалдар қолданылады?
5. Суппозиторийлерді контурлы-ұяшықты орауыштарға бір уақытта қалыптайтын және орамдайтын «Servac 200S» автоматының құрылысы және жұмыс істеу принципі қандай? Бұл кезде қандай материалдар қолданылады?
6. Суппозиторийлерді босату кезінде екіншілік орауыштардың қандай түрлері қолданылады?
7. Суппозиторийлерді дәрілік түр ретінде безендіру және сақтау қалай іске асырылады? Орауышқа қандай ескертпе жазуларды міндетті түрде түсіру керек?

Ситуациялық тапсырмалар:

Тапсырма 1. Фармацевтикалық өндірісте майлы негізде құю әдісімен дайындалған, ПП-2 пленкасынан жасалынған контурлы-ұяшықсыз орауыштарда орамдалған суппозиторийлерді шығарады. Картон қораптарға 5 суппозиторийден тұратын 2 конваллютадан салынған. Аталған өнім жаз мезгілінің басында елдің оңтүстік аймақтарына жіберілген. Айтыңызшы, орауыш типі мен оның материалы дұрыс таңдалған ба? Түсініктеме беріңіз.

Тапсырма 2. Фармацевтикалық өндірісте майлы негізде құю әдісімен дайындалған, алюминий фольгасынан жасалынған контурлы-ұяшықты орауыштарда орамдалған суппозиторийлерді шығарады. Картон қораптарға 5 суппозиторийден тұратын 2 конваллютадан салынған. Аталған өнім жаз мезгілінің басында елдің оңтүстік аймақтарына жіберілген. Орауыш түрі мен оның материалының артықшылығы мен кемшілігін көрсетіңіз. Түсініктеме беріңіз.

Тест тапсырмалары:

~Суппозитории ... шығарылады.

@контурлы – ұяшықтарда

@алюминий тубаларда

@полиэтиленді пакеттерде

@шыны құтыларда

@қақпағы бар желатинді капсулаларда

~Гидрофильді негіздегі суппозиторийлерді тек қана ... орамдайды.

@мөлдір немесе бұлыңғыр ПВХ пленкасынан жасалған контурлы – ұяшықты орауыштарға

@ПП – 2 маркалы мөлдір пленкадан жасалған контурлы – ұяшықсыз орауыштарға

@кең мойынды шыны құтыларға

@алюминий фольгадан жасалған контурлы – ұяшықты орауыштарға

@полиэтиленді пакеттерге

~Суппозиторийі бар контурлы – ұяшықты орауыштың біріншілік ашылуын бақылау ... қамтамасыз етіледі.

@әрбір ұяшыққа қыздырусыз престеу көмегімен жазу немесе кедір – бұдыр түсіру арқылы дәнекерлеу

@суппозиторийі бар кең мойынды шыны құтыға иілген герметикалығын қамтамасыз ететін бөлігі бар полимерлі қақпақты бұрандау

@орауыштың әрбір ұяшығына арнайы кертік түсіру арқылы

@орауыштың әрбір ұяшығына препараттың аты жазылған жазуды түсіру арқылы

@суппозиторийлерді дәнекерленген полиэтиленді пакеттерге бөлшектеу арқылы

~Суппозиторийлерді бір уақытта қалыптау мен орамдау үшін ... қолданылады.

@«Servac 200S» (ФРГ) автоматы

@«IWKA» (ФРГ) туба толтыратын автоматы

@«Франко-Креспи» (ФРГ) жартылай автоматы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 25 беті

@АУТ типті автоматы

@Симхович жартылай автоматы

№ 7 Сабак

Тақырыбы: Қатты сусымалды дәрілік түрлерге арналған орауыштардың түрлері. Ұнтақтар, түйіршіктер және т.б. арналған дозаторлар. Даналы қатты ДТ-ді және ММБ-ды бөлшектеу мен орамдауға арналған машиналар мен автоматтар.

Максаты: Сусымалы қатты ДТ-ге арналған орауыштар түрлерін игеру. Сусымалы және даналы қатты дәрілік түрлерді бөлшектеу мен орамдауға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін меңгеру.

Оқытудың мақсаты

білім алушы білуі керек:

1. Қатты дәрілік түрлердің тағайындалуы және шығарылу түрі бойынша жіктелуі.
2. Сусымалы ДТ-дің (ұнтақтар, түйіршіктер, фитошайлар және т.б.) физика-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттері.
3. Сусымалы ДТ-ге арналған кең қолданыстағы орауыш түрлері (дозаланған және дозаланбаған). Біріншілік ашылуын бақылау.
4. Сусымалы ДТ-ге арналған орауыштардың тұтынушылық қасиеттері.
5. Фармацевтикалық өндірісте сусымалы дәрілік түрлер үшін біріншілік орауыш ретінде қолдануға рұқсат етілген материалдар тізімі, олардың қасиеттері;
6. Сусымалы дәрілік түрлерді полимерден жасалған пакеттерге немесе саше-пакеттерге бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
7. Сусымалы дәрілік түрлерді кең мойынды шыны немесе полимерден жасалған флакондарға бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
8. Сусымалы ДТ-ге арналған орауыштардың сыртқы безендірілуіне қойылатын негізгі талаптар, ескертпе жазулар және оларды қолдану мақсаттары.
9. Даналы қатты ДТ-дің (капсулалар, таблеткалар, суппозиторийлер, ДДП және т.б.) физика-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттері.
10. Даналы ДТ-ге арналған кең қолданыстағы орауыш түрлері (дозаланған және дозаланбаған). Біріншілік ашылуын бақылау.
11. Даналы ДТ-ге арналған орауыштардың тұтынушылық қасиеттері.
12. Фармацевтикалық өндірісте даналы дәрілік түрлер үшін біріншілік орауыш ретінде қолдануға рұқсат етілген материалдар тізімі, олардың қасиеттері;
13. Даналы ДТ-ді контурлы-ұяшықты орауыштарға (блистерлерге) бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері;
14. Даналы ДТ-ді контурлы-ұяшықсыз орауыштарға бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері;
15. Даналы дәрілік түрлерді кең мойынды шыны немесе полимерден жасалған флакондарға бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
16. Даналы ДТ-ге арналған орауыштардың сыртқы безендірілуіне қойылатын негізгі талаптар, ескертпе жазулар және оларды қолдану мақсаттары.

білім алушы істей алу тиіс:

1. Сусымалы және даналы дәрілік түрлердің әрқайсысына нақты орауыш түрін және орауыш материалын дұрыс таңдау;
2. Орауыш түріне байланысты сусымалы және даналы дәрілік түрлерді орамдау тәсілін дұрыс таңдау және біріншілік ашылуын бақылауды қамтамасыз ету;
3. Сусымалы және даналы дәрілік түрлерге арналған этикекаларды дұрыс безендіру;

Тақырыбының негізгі сұрақтары:

базалық білімі бойынша:

1. ДТ-дің агрегаттық жағдайы, тағайындалуы және шығарылу түрі бойынша жіктелуі.
2. Ішкі және сыртқы қолданысқа арналған ұнтақтар мен түйіршіктерге қойылатын жалпы талаптар.

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 26 беті

3. Фитошайларға жалпы сипаттама.
4. Таблеткаларға, капсулаларға, суппозиторийлерге, ДДП-ға арналған жалпы талаптар.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Сусымалы дәрілік түрлердің негізгі топтары. Олардың технологиялық және тауарлық қасиеттері.
2. Сусымалы дозаланған ДТ-де қолданылатын орауыш түрлері (капсулалар, саше-пакеттер және т.б.) Олардың өндірісінде қолдануға рұқсат етілген материалдар.
3. Сусымалы дозаланбаған ДТ-де қолданылатын орауыш түрлері (пакеттер, флакондар және т.б.) Олардың өндірісінде қолдануға рұқсат етілген материалдар.
4. Сусымалы ДТ-ге арналған орауыштардың тұтынушылық қасиеттері. Біріншілік ашылуын бақылауды қамтамасыз ету.
5. Сусымалы ДТ-ді полимерден жасалған пакеттерге, саше-пакеттерге, қатты желатинді капсулаларға, кең мойынды шыны және полимерден жасалған флакондарға бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
6. Сусымалы ДТ-ге арналған орауыштардың сыртқы безендірілуіне қойылатын негізгі талаптар, ескертпе жазулар және оларды қолдану мақсаттары. Біріншілік ашылуын бақылауды қамтамасыз ету.
7. Даналы дәрілік түрлердің негізгі топтары. Олардың жалпы сипаттамасы, физика-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттері.
8. Даналы ДТ-ге арналған орауыштардың тұтынушылық қасиеттері.
9. Фармацевтикалық өндірісте даналы дәрілік түрлер үшін біріншілік орауыш ретінде қолдануға рұқсат етілген материалдар, олардың қасиеттері.
10. Даналы ДТ-ді контурлы-ұяшықты орауыштарға (блистерлерге), контурлы-ұяшықсыз орауыштарға, кең мойынды шыны және полимерден жасалған флакондарға бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері;
11. Даналы ДТ-ге арналған орауыштардың сыртқы безендірілуіне қойылатын негізгі талаптар, ескертпе жазулар және оларды қолдану мақсаттары. Біріншілік ашылуын бақылауды қамтамасыз ету.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Білім алушылар теориялық білімін бекіту мақсатында келесі тапсырмаларды хаттама жазу арқылы орындау керек

ТАПСЫРМА 1. Ұсынылған сусымалы дәрілік орауыштың түріне «Бөлшектеу, орамдау және маркировка» сатылары бойынша сипаттама беріңіз, бөлшектеу механизмінің құрылысын салу, оның жұмыс істеу принципін сипаттау. Осы орауыштарға қажетті қосымша заттарға сипаттама беру. Оны жетілдіру шаралары бойынша ұсыныстар беру.

- а) сырт тәнге қолдануға арналған ұнтақтары бар флакон (Балалар сеппесі)
- б) ішке қабылдауға арналған түйіршіктері бар флакон («Плантаглоцид» түйіршіктері)
- в) «Омез»капсулалары
- г) «Смекта» пакеттері
- д) фитошайларға арналған саше-пакеттер және т.б.

ТАПСЫРМА 2.

Ұсынылған даналы дәрілік орауыштың түріне «Бөлшектеу, орамдау және маркировка» сатылары бойынша сипаттама беріңіз, бөлшектеу механизмінің құрылысын салу, оның жұмыс істеу принципін сипаттау.

- а) контурлы-ұяшықсыз орауыштардағы «Анальгин» таблеткалары
- б) «Но-Шпа» таблеткалары бар полимерден жасалған флакон
- в) контурлы-ұяшықты орауыштардағы «Омез» капсулалары
- г) «Прополис қосылған Қызыл-май» суппозиторийлері

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары: Шағын топтардағы жұмыс.Ситуациялық есептерді шешу. Дискусия.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу және т.б.): Ауызша сұрау ситуациялық есептерді шешу, хаттаманы тексеру

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 27 беті

7.Әдебиет:

1. Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар [Электронный ресурс] : оқу құралы / Б. О. Торланова. - Электрон. текстовые дан. (7, 961 Кб.). - Шымкент : ОКМА, 2022. - 204 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Жусупова, Галия Евентаевна Методология переработки лекарственного растительного сырья [Текст] : учеб. пособие / Г. Е. Жусупова, Ю. А. Литвиненко, А. И. Жусупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Казак ун-ті, 2018. - 213 с. <https://elibrary.kaznu.kz/>
3. Сурашов Н. Т. Көтеру-тасымалдау машиналары [Электронный ресурс]: оқулық/-Электрон текстовые дан. (7.34Мб).-Алматы:[б.и.],2016
4. Дүзелбаев С. Т. Машина тетіктері: Жоғары кәсіптік мамандар даярлайтын техникалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / С. Т. Дүзелбаев. - ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2016. - 408 б. с
5. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.
6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.
7. Гроссман, В. А. Фармацевтическая технология: учеб. пособие для мед. училищ и колледжей М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 320 с
8. Баубеков С.Ж. Электрлік машиналар мен аппараттар: оқулық.-Эверо.2013
9. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов : учебник / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с
10. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.

Бақылау:

Бақылау сұрақтары:

1. Қатты ДТ-ге сипаттама беріңіз: сусымалы және даналы. Олардың технологиялық және тауарлық қасиеттерін айтыңыз. Олар қалай босатылады?
2. Ішке және сырт тэнге қолданылатын ұнтақтар мен түйіршіктерге қандай талаптар қойылады?
3. Фитошайлардың технологиясы мен қабылдау ерекшеліктері неде? Олар қалай босатылады?
4. Сусымалы дозаланған ДТ-р үшін қандай орауыш түрлері қолданылады? Олар қандай материалдардан жасалынады?
5. Сусымалы дозаланбаған ДТ-р үшін қандай орауыш түрлері қолданылады? Олар қандай материалдардан жасалынады?
6. Сусымалы ДТ-ге арналған орауыштардың тұтынушылық қасиеттерін айтыңыз. Дозаланған және дозаланбаған сусымалы ДТ-ге арналған орауыштардың біріншілік ашылуын бақылау қалай қамтамасыз етіледі?
7. Сусымалы ДТ-ді қатты желатинді капсулаларға бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері қандай?
8. Сусымалы ДТ-ді полимерден жасалған пакеттерге және саше-пакеттерге бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері қандай?
9. Сусымалы ДТ-ді кең мойынды шыны және полимерден жасалған флакондарға бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері қандай?
10. Сусымалы ДТ-ге арналған орауыштардың сыртқы түрін безендіруге қандай талаптар қойылады? Қандай ескертпе жазулар білесіздер? Оларды қолдану мақсаттары қандай?
11. Даналы ДТ-дің негізгі топтарын атаңыз. Оларға жалпы сипаттама беріңіз.
12. Фармацевтикалық өндірісте даналы ДТ-ге (таблеткалар, капсулалар, суппозиторийлер, ДДП және т.б.) арналған біріншілік орауыштар дайындау үшін қандай материалдарға рұқсат етілген? Олардың қасиеттері қандай?

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 28 беті

13. Таблеткалар қандай физика-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттерге ие? Оларды орамдау үшін қандай орауыш түрлерін пайдаланған дұрыс? Неге? Олардың тұтынушылық қасиеттері қандай?
14. Капсулалар қандай физика-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттерге ие? Оларды орамдау үшін қандай орауыш түрлерін пайдаланған дұрыс? Неге? Олардың тұтынушылық қасиеттері қандай?
15. Суппозиторийлер қандай физика-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттерге ие? Оларды орамдау үшін қандай орауыш түрлерін пайдаланған дұрыс? Неге? Олардың тұтынушылық қасиеттері қандай?
16. Инъекциялық ерітінділерге арналған ампулалар қандай физика-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттерге ие? Оларды орамдау үшін қандай орауыш түрлерін пайдаланған дұрыс? Неге? Олардың тұтынушылық қасиеттері қандай?
17. Көз дәрілік пленкалары (КДП) қандай физика-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттерге ие? Оларды орамдау үшін қандай орауыш түрлерін пайдаланған дұрыс? Неге? Олардың тұтынушылық қасиеттері қандай?
18. Даналы ДТ-ді контурлы-ұяшықты орауыштарға (блистерлерге) бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері қандай?
19. Даналы ДТ-ді контурлы-ұяшықсыз орауыштарға бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері қандай?
20. Даналы ДТ-ді кең мойынды шыны және полимерден жасалған орауыштарға бөлшектеп салуға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері қандай?
21. Даналы ДТ-ге арналған орауыштардың сыртқы безендірілуіне қойылатын негізгі талаптар қандай? Даналы (таблеткалар, капсулалар, ДДП, суппозиторийлер және т.б.) ДТ бар орауыштардың бетіне қандай ескертпе жазулар түсіріледі?
22. Даналы ДТ-ге арналған орауыштардың біріншілік ашылуын бақылау қалай қамтамасыз етіледі?

Ситуациялық тапсырмалар:

Тапсырма 1. Заводта балалар сеппесі дайындалды. Өнімнің жартысы дәріханаға жіберілетін «Ана мен балаға арналған дәрілік қобдиша» құрамына енетін компонент екендігін ескере отырып, орауыш түрін және оны дайындауға арналған материал түрін ұсыныңыз. Біріншілік ашылуын бақылаумен қамтамасыз ету керек пе? Екіншілік орауыш (картон қорап немесе пенал) қажет пе? Қосымша орауыш құралдарын қосу қажет пе?

Тапсырма 2. Заводта диарея және құсу кезінде электролиттерді жоғалту салдарынан болатын, ағзада қышқыл-сілтілік тепе-теңдікті қайта қалпына келтіру үшін қолданылатын «Регидрон» ұнтақтары дайындалды. Қолдануға арналған 1 дозалық 18,9 г ұнтақтың құрамында 3,5 г натрий хлориді, 2,5 г калий хлориді, 2,9 г натрий цитраты және 10 г глюкоза бар. Өнімнің жартысы дәріханаға жіберілетін «Ана мен балаға арналған дәрілік қобдиша» құрамына енетін компонент екендігін ескере отырып, орауыш түрін және оны дайындауға арналған материал түрін ұсыныңыз. Біріншілік ашылуын бақылаумен қамтамасыз ету керек пе? Екіншілік орауыш (картон қорап немесе пенал) қажет пе? Қосымша орауыш құралдарын қосу қажет пе?

Тест тапсырмалары:

~Көз дәрілік пленкаларына арналған орауыштар ... болуы керек.

@біріншілік ашылудың бақылауы

@мөлдір

@міндетті түрде түсті

@орауыш картоннан жасалған

@ауа және бу өткізетін

~Контурлы – ұяшықты конвалюталарда ... оралуы мүмкін.

@таблеткалар, дражелер

@ұнтақтар

@гелдер, кремдер

@линименттер, таблеткалар

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 29 беті

@ерітінділер, капсулалар

~Даналы ДТ салынатын конвалюталар мен орауыштарды дайындаудың типтік технологиялық схемасы ... тұрады.

@6 операциядан

@4 операциядан

@3 операциядан

@5 операциядан

@7 операциядан

~Даналы ДТ салынатын конвалюталар мен орауыштарды дайындаудың типтік технологиялық схемасының бірінші операциясы ... болып табылады.

@ПВХ пленкасынан ұяшықтарды жасау

@термошөгімді пленкаға бірнеше орауышты бендерольдеу

@бендерольдерге топтық этикеткаларды желімдеу

@ұяшықтарды фольгамен жабу

@даналы ДТ – ді ұяшықтарға орналастыру

~Даналы ДТ салынатын конвалюталар мен орауыштарды дайындаудың типтік технологиялық схемасының екінші операциясы ... болып табылады.

@даналы ДТ – ді ұяшықтарға орналастыру

@бірнеше конвалюталарды картонды бумаға салу

@термошөгімді пленкаға бірнеше орауышты бендерольдеу

@бендерольдерге топтық этикеткаларды желімдеу

@ұяшықтарды фольгамен жабу

~Даналы ДТ салынатын конвалюталар мен орауыштарды дайындаудың типтік технологиялық схемасының үшінші операциясы ... болып табылады.

@ұяшықтарды фольгамен жабу

@бірнеше конвалюталарды картонды бумаға салу

@термошөгімді пленкаға бірнеше орауышты бендерольдеу

@бендерольдерге топтық этикеткаларды желімдеу

@даналы ДТ – ді ұяшықтарға орналастыру

~Даналы ДТ – ді бір мезгілде орамдайтын контурлы ұяшықсыз конвалюталарды дайындаудың типтік технологиялық схемасы ... тұрады.

@4 операциядан

@3 операциядан

@5 операциядан

@2 операциядан

@6 операциядан

~Қақпағы бар қатты капсулаларға сусымалы дәрілік түрлерді бөлшектеу мен орамдаудың бірінші операциясы ... болып табылады.

@машинаға жабық түрде түсетін қатты капсулаларды ашу

@толтырылған түбін қақпақпен жабу

@құтыларды этикеткалау

@капсуланың түбін дәрілік түрлермен (ұнтақ, гранула т.б.) толтыру

@ұяшықтарды фольгамен жабу

~Қақпағы бар қатты капсулаларға сусымалы дәрілік түрлерді бөлшектеу мен орамдаудың екінші операциясы ... болып табылады.

@капсуланың түбін дәрілік түрлермен (ұнтақ, гранула т.б.) толтыру

@толтырылған түбін қақпақпен жабу

@құтыларды этикеткалау

@машинаға жабық түрде түсетін қатты капсулаларды ашу

@ұяшықтарды фольгамен жабу

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 30 беті

~Қақпағы бар қатты капсулаларға сусымалы дәрілік түрлерді бөлшектеу мен орамдаудың үшінші операциясы ... болып табылады.

@толтырылған түбін қақпақпен жабу

@машинаға жабық түрде түсетін қатты капсулаларды ашу

@күтыларды этикеткалау

@капсуланың түбін дәрілік түрлермен (ұнтақ, гранула т.б.) толтыру

@ұяшықтарды фольгамен жабу

№ 8 Сабақ

Тақырыбы: Пластырлер, сұйық және жағылатын пластырлер, оларды бөлшектеу және орамдау. Машиналар мен автоматтар.

Мақсаты: Жағылатын пластырлер және салмақ бойынша босатылатын пластырлерді бөлшектеуге арналған машиналар мен автоматтарды игеру.

Оқытудың мақсаты
білім алушы білуі керек:

- пластырлердің негізгі түрлері, олардың жіктелуі мен номенлатурасы;
- жағылатын пластырлердің физико-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттері;
- жағылатын пластырлерге арналған орауыш түрлері және оларды дайындау кезінде қолданылатын материалдар;
- жағылатын пластырлерге арналған орауыштардың сыртқы безендірілуіне қойылатын талаптар, ескертпе жазулары және оларды қолдану мақсаттары;
- сұйық пластырлердің физико-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттері;
- сұйық пластырлерге арналған орауыш түрлері және оларды дайындау кезінде қолданылатын материалдар;
- сұйық пластырлерге арналған (тері желімдері) орауыштардың сыртқы безендірілуіне қойылатын талаптар, ескертпе жазулары және оларды қолдану мақсаттары;
- жағылатын пластырлерді босатуға арналған машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері;
- тері желімдерін босатуға арналған бөлшектеуші-орамдаушы машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері;
- қыша қағаздарын босатуға арналған бөлшектеуші-орамдаушы машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері;

білім алушы істей алуы тиіс:

- жағылатын пластырлерді босатуға арналған орауыш түрін және материалын дұрыс таңдау;
- жағылатын пластырлерді орамдауға арналған машиналарды/автоматтарды дұрыс таңдау;
- сұйық пластырлерді босатуға арналған орауыш түрін және материалын дұрыс таңдау;
- сұйық пластырлерді орамдауға арналған машиналарды/автоматтарды дұрыс таңдау;

Тақырыбының негізгі сұрақтары

базалық білімі бойынша:

1. Пластырлердің дәрілік түр ретінде анықтамасы, олардың жіктелуі және номенклатурасы.
2. Пластырлердің физика-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттері.
3. Қышалар пластырлердің бір түрі ретінде Жалпы сипаттамасы.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Жағылатын пластырлерді босату үшін қолданылатын орауыш түрлері және оларды дайындау кезінде қолданылатын материалдар.
2. Жағылатын пластырлерге арналған орауыштардың сыртын безендіруге қойылатын талаптар, ескертпе жазулар және оларды қолдану мақсаттары.
3. Сұйық пластырлерді босату үшін қолданылатын орауыш түрлері және оларды дайындау кезінде қолданылатын материалдар.
4. Сұйық пластырлерге арналған орауыштардың сыртын безендіруге қойылатын талаптар, ескертпе жазулар және оларды қолдану мақсаттары.

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 31 беті

5. Жағылатын пластырлерді босатуға арналған машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері.
6. Сұйық пластырлерді босатуға арналған бөлшектеуші-орамдаушы машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері.
7. Қышаларды босатуға арналған бөлшектеуші-орамдаушы машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Білім алушылар теориялық білімін бекіту мақсатында келесі тапсырмаларды хаттама жазу арқылы орындау керек

ТАПСЫРМА 1. Фармацевтикалық өндірісте матадан жасалған негізде лейкопластыр шығару жолға қойылған. Лейкопластырды 1x100 см өлшемде кесіп және оларды орамдауға арналған автоматтың жұмыс істеу принципін айтыңыз және схемасын сызыңыз. Лейкопластырлерге арналған орауыштарды дайындау үшін қандай материалдар қолданылады?

ТАПСЫРМА 2. Фармацевтикалық өндірісте кіші жаралар мен сызаттарды өндеуге (обработка) арналған «Фуропласт» сұйық пластыры шығарылды. Сұйық пластырдың бір уақытта бөлшектелуі (құйылуы) мен орамдалуы жүргізілетін автоматтың жұмыс істеу принципін айтыңыз және схемасын сызыңыз. Сұйық пластырлер үшін қандай орауыш түрлерін қолданған тиімді? Қай аппаратта орамдаған дұрыс? Сұйық пластырлерге арналған орауыштар қандай материалдан дайындалуы керек? Аталған орауыш екіншілік орауыш түрін қолдануды қажет етеді ме?

ТАПСЫРМА 3. Оқытушыдан алынған «Бұрышталған пластырлер» орауышы бойынша осы дәрілік түрді орамдау тәсілін сипаттаңыз. Орамдаушы автоматтың жұмыс істеу принципін айтыңыз және схемасын сызыңыз. Ол үшін қандай орамдаушы материал қолданылады? Аталған орауыш екіншілік орауыш түрін қолдануды қажет етеді ме?

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары: Шағын топтардағы жұмыс. Ситуациялық есептерді шешу. Дискуссия.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу және т.б.): Ауызша сұрау ситуациялық есептерді шешу, хаттаманы тексеру

7.Әдебиет:

- 1.Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар [Электронный ресурс] : оқу құралы / Б. О. Торланова. - Электрон. текстовые дан. (7, 961 Кб.). - Шымкент : ОҚМА, 2022. - 204 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
- 2.Жусупова, Галия Евентаевна Методология переработки лекарственного растительного сырья [Текст] : учеб. пособие / Г. Е. Жусупова, Ю. А. Литвиненко, А. И. Жусупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. - 213 с.<https://elilib.kaznu.kz/>
3. Сурашов Н. Т. Көтеру-тасымалдау машиналары [Электронный ресурс]: оқулық/-Электрон текстовые дан. (7.34Мб).-Алматы:[б.и.],2016
4. Дүзелбаев С. Т. Машина тетіктері: Жоғары кәсіптік мамандар даярлайтын техникалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / С. Т. Дүзелбаев. - ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2016. - 408 б. с
5. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.
6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.
7. Гроссман, В. А. Фармацевтическая технология: учеб. пособие для мед. училищ и колледжей М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 320 с
8. Баубеков С.Ж. Электрлік машиналар мен аппараттар: оқулық.-Эверо.2013
9. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов : учебник / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с
10. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 32 беті

Бақылау:

Бақылау сұрақтары:

1. Пластырлерге дәрілік түр ретінде анықтама беріңіз. Олар қалай жіктеледі? Олардың номенклатурасын беріңіз.
2. Жағылатын пластырлердің физика-химиялық, технологиялық және тауарылық қасиеттері қандай?
3. Сұйық пластырлердің физика-химиялық, технологиялық және тауарылық қасиеттері қандай?
4. Қышаларға пластырлердің бір түрі ретінде сипаттама беріңіз.
5. Жағылатын пластырлер шығару кезінде қандай орауыш түрлері қолданылады? Қандай материалдардан жасалынады?
6. Жағылатын пластырлерге арналған орауыштардың сыртқы түрін безендіру қалай іске асырылады?
7. Сұйық пластырлер үшін қандай орауыш түрлері қолданылады? Қандай материалдардан жасалынады?
8. Сұйық пластырлерге арналған орауыштардың сыртқы түрін безендіру қалай іске асырылады? Сұйық пластырлердің орауыштарына қандай ескертпе жазулар түсіріледі?
9. Жағылатын пластырлерді босатуға арналған машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері қандай?
10. Сұйық пластырлерді босатуға арналған бөлшектеуші-орамдаушы машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері қандай?
11. Қышаларды босатуға арналған бөлшектеуші-орамдаушы машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері қандай?

Тест тапсырмалары:

~Жағылған пластырі бар катушканы ... орамдаған жөн.
 @кіші көлемдегі картонды немесе пластмассалы қорапта
 @бірнеше данадан полиэтиленді пакеттерде
 @орамдайтын қағаздан жасалған кіші пакеттерге
 @қақпаққа арналған винтті бұрамасы бар кең мойынды шыны құтыға
 @контурлы – ұяшықты орауыштарға
 ~Сұйық пластырлер орамасына ... жатады.
 @шыныдан жасалған қызғыл сары жіңішке мойынды шыны
 @поливинильді пленкадан жасалған контурлы ұяшықты орама
 @қақпағы «бұралмай жабылатын» қақпақты пластмассалы құтылар
 @полиэтиленді пакеттер
 @тубик-тамшылатқыштар
 ~Сұйық пластырлерге екінші орама ретінде... қолданылады.
 @картонды қорап (пеналдар)
 @«Scin» - орауыштар
 @тубустар
 @полимерлі пакеттер
 @қағаз пакеттер
 ~Жағылмалы қышаларды ... қаптайды
 @10 данадан қағаз немесе полиэтиленді пакеттерге
 @картонды қорап (пеналдар)
 @«Scin» - орауыштар
 @тубустар
 @пластмассалы пеналдарға

№ 9 Сабак

Тақырыбы: Инъекциялық дәрілік түрлер. Ампулларды жасауға арналған шыны маркалары. Ампулаларды толтыру тәсілдері және қолданылатын аппараттар. Ампулаларды орамдау.

Мақсаты: Инъекциялық ДТ-ді бөлшектеу мен орамдауға арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/11 2024-2025 62 беттің 33 беті

Оқытудың мақсаты

білім алушы білуі керек:

- инъекциялық ерітінділердің негізгі топтары (ерітінділер, суспензиялар, эмульсиялар, ұнтақтар), олардың жіктелуі және номенклатурасы, оларға қойылатын талаптар;
- инъекциялық ДТ-дің физика-химиялық, технологиялық және тауарлық қасиеттері;
- инъекциялық ДТ үшін қолданылатын орауыш түрлері, олардың жалпы сипаттамасы, олардың дайындалған материалдары, материалдарға қойылатын талаптар;
- буфус-ампулалар*, оларды дайындауға арналған материалдар, олардың артықшылықтары;
- ампулалардың артықшылықтары мен кемшіліктері, ампула өлшемдерінің унифицирленген қатары, олардың формалары;
- ампулалық шыны, шыны маркалары, ампулалық шынының сапасын бағалау;
- ампулаларды инъекциялық ерітінділермен толтыру тәсілдері, ампулаларды толтыруға арналған машиналар мен автоматтар, олардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері, артықшылықтары мен кемшіліктері.
- инъекциялық ерітінділермен толтырылған ампулалардың капиллярларын дәнекерлеу тәсілдері, ампулаларды дәнекерлеуге арналған машиналар мен автоматтардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері;
